

"Батыс" ашық акционерлік қоғамы тартқан, мемлекет кепілдік берген қарыздың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 қазан N 1114

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 19 қарашадағы N 0000019 мемлекет кепілдік берген Франция кредит желісі шеңберінде "Батыс" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Батыс" ААҚ) тартқан, мемлекет кепілдік берген қарыз жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету және оны орындауға республикалық бюджеттен жіберілген қаражатты қайтару, сондай-ақ Орал қаласында спирт өндірісі жөніндегі зауыт құрылысын аяқтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақстан Эксимбанкi" жабық акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) "Батыс" ААҚ-пен жасалған, 1996 жылғы 26 шілдедегі N 2515/Кд-в Кредит шарты және 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 7-13/Дз-в кепіл шарты бойынша талап қою құқықтарын беруді көздейтін келісімдер жасасын;

2) "Батыс" ААҚ-тың кепілге салынған мүлкін республикалық меншікке өндіріп алу жолымен 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 7-13/Дз-в кепіл шарты бойынша құқықтарды іске асырсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен спирт өндірісі жөніндегі зауыт құрылысын аяқтау шартымен "Батыс" ААҚ-тың өндіріп алынған мүлкін сату жөнінде коммерциялық тендер өткізсін. <*>

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.04.22. N 455 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі